



АУЫЛ

ЖАҢАЛЫҒЫ

Сельская новь



Газет 1940 жылдан шыға бастады

№ 48 (8311) Сенбі 16 мамыр 2015 жыл

Байзақ аудандық газеті
Байзакская районная газета

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК НАГРАДАЛАРЫМЕН НАГРАДТАУ ТУРАЛЫ ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Мемлекетке сіңірген еңбегі, белсенді қоғамдық қызметі үшін және 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 70-жылдығына орай, соғысқа қатысушылар мен тылдағы еңбеккерлер Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен наградталсын:

“ЕРЕН ЕҢБЕГІ ҮШІН” медалімен

Рыспаев Сауытбек - соғыс ардагері, Жамбыл облысының Байзақ ауданы;

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ Құрмет грамотасымен

Қалдыбаев Базарбай - соғыс ардагері, Жамбыл облысының Байзақ ауданы.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті Н.Назарбаев.

Астана, Ақорда, 2015 жылғы 14 сәуір №1034

Аудандық әкімдікте МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕГЕ АРНАЛДЫ

Сейсенбі, 12 мамыр күні аудандық әкімшілікте бесінші сайланған Байзақ аудандық мәслихатының “Аумақты экономикалық дамыту, қаржы, бюджет, әкімшілік аумақтық құрылым, адам құқығын қорғау мәселелері және жер учаскелерін сатып алу туралы шарттар жобаларын қарау” жөніндегі тұрақты комиссиясының мәжілісі болып өтті.



Оны аталмыш комиссияның төрағасы Н.Тлепов ашып, жүргізіп отырды. Мәжілістің күн тәртібіндегі басты мәселе - ауданның 2014 жылға арналған бюджетінің орындалуы туралы мәселе бойынша аудан әкімдігі қаржы бөлімінің басшысы Ж.Құмғанбаев баяндама жасады. Жұманғали Серікбайұлы бюджет қаражатының игерілу деңгейі жөнінде егжей-тегжейлі айтып бергеннен соң, мәжіліске арнайы келіп қатысып отырған Жамбыл облысы бойынша тексеру комиссиясының мүшесі Ермек Қарабаев ауданның 2014 жылғы бюджетінің атқарылуын сараптап, тиісінше нәтижелерін сөз етті.

Мұнан кейін жарыссөзге шыққан аудан әкімдігі жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Ә.Саққұлова, сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы Т.Бибосыновтар өз салалары бойынша атқарылған жұмыстар, оған жұмсалған қаражат жайында айтып берді. Соңында күн тәртібіндегі мәселе бойынша қаулы қабылданды.

Өз тілшіміз.

Аудан әкімі Ұлы Отан соғысының АРДАГЕРІН ҚАБЫЛДАДЫ

С.Қалмұратов,
“Ауыл жаңалығы”.

7-мамыр күні Елордамыз Астанада Қазақстан Республикасының Отан қорғаушылар күні және Ұлы Жеңістің 70 жылдығына орай Елбасы, Жоғары Бас қолбасшы Н.Ә.Назарбаевтың қатысуымен өте жоғары деңгейде ұйымдастырылып, өткізілген әскери шеруді қалың жұртшылық теледидар арқылы тамашалап, газет-журналдардан кеңінен мәлімет алғаны белгілі.

Кейбір деректер бойынша бұл әскери шеруге Қарулы Күштеріміздің әскери қызметшілері мен әскери техникасы рекордтық көлемде (нақтырақ айтқанда 5000-ға жуық әскери қызметші, 200 дана шамасында қару-жарақ пен әскери техника, әскери авиацияның 70 ұшағы мен тікұшағы) қатыстырылған.

Міне, сол көптен күткен айтулы тарихи шараға облысымыздан 17 соғыс ардагері арнайы шақыру алып, барып қайтқан болатын. Үлгілілік Базарбай Қалдыбаев



ағамыз сол бақытты ардагерлердің бірі. Егемен еліміздің төрінде дүркіреп өткен Ұлы Жеңіс мерекесінің бел ортасында болып қайтқан соғыс батырын өткен бейсенбіде аудан әкімі М.Шүкеев қабылдады.

Дәстүрлі аман-саулық, қос мерекелік құттықтаулардан соң қарт жауынгер Базарбай аға және ол кісінің өмірлік жолдасы, көп балалы ана Нағима алай (Астанадағы мерекелік шараларға ертіп жүруші ретінде бірге барып қайтқан) әсем Астана қаласын, орталық алаңда өткен әскери шеруді

тамашалаудан, жалпы ұлы мерекеге орай ұйымдастырылған шаралардан алған ұмытылмас әсерлерімен бөлісе келе, осындай игі істерді қолға алып, жүзеге асырып келе жатқан Елбасыдан бастап, облыс, аудан басшыларына алғыс сезімдерін жеткізді.

Өз кезегінде аудан әкімі Мұратхан Жүнісәліұлы Базарбай ағамызға Елбасы атынан келген Құрмет грамотасының мәтінімен таныстырды, аудан жұртшылығы атынан құтты болсын айтып, ізгі тілегін білдірді.

КЕЗЕКТЕН ТЫС XVII КОНФЕРЕНЦИЯ

ЕЛ ЕҢБЕГІН ЕСЕЛЕУ ЖОЛЫНДА

М.Манекеев,
«Ауыл жаңалығы».

Кеше, аптаның жұмасы күні аудан орталығындағы Сарыкемер орта мектебінің мәжіліс залында «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының кезектен тыс XVII конференциясы болып өтті.

Конференцияға «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалы Саяси Кеңесінің мүшесі Ернұр Мадияров, аудандық партия филиалы Саяси кеңесінің мүшелері, облыстық, аудандық мәслихат депутаттары, бастауыш партия ұйымдарынан сайланған делегаттар, «Жас Отан» Жастар қанатының белсенділері, сонымен қатар, аудандық бөлім мен мекеме басшылары және жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысып отырды.

Конференция жұмысын басқаруды делегаттар төралқа мүшелеріне тапсырды. Аталған жиынға «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Нұржан Тлепов төрағалық етті.

Конференцияның жұмысшы органдары сайланып, хатшылық, мандат және редакциялық комиссиялардың құрамына сайланған делегаттар өз қызметтеріне кірісті.

Конференцияның күн тәртібіне Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауына сәйкес, ауданда шағын және орта бизнесті дамыту бойынша атқарған жұмыстары жөнінде аудан әкімдігі кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысы, партия мүшесі Досмұханбет Наурызбаевтың есебі мен «Нұр Отан» партиясы Жамбыл облыстық филиалының кезектен тыс XVI конференциясына делегаттар сайлау туралы мәселелер ұсынылып, бірауыздан бекітілді.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша аудан әкімдігі кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысы, партия мүшесі Досмұханбет Наурызбаев баяндама жасады. Өз сөзін: «Қазақстан Республикасы Президенті, Елбасымыз Н.Назарбаев халыққа жыл сайынғы дәстүрлі Жолдауын жолдайтыны бәрімізге белгілі. Биылғы жылы да біздерге жарқын болашаққа жол ашатын «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Жолдауды талқылап, оны өз өмірімізге жол бастайтын құрал есебінде күнделікті тіршілігімізде қолданып келеміз. Біздің істеп жатқан еңбегіміз, жеткен



жетістіктеріміз соның айғағы десем жаңылыспаған болармын. Осы орайда, аудан әкімдігі кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің жұмысына біраз тоқтала кетсем деймін»-деп бастаған Досмұханбет Қалмаханбетұлы осы салада атқарылып жатқан жұмыстарға жан-жақты тоқталды.

Конференция делегаттарының өкілеттіктерін бекітіп алу үшін хабарлама жасауға конференциядағы мандат комиссиясының төрағасы Ержан Абилдаев шақырылды.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша жасалған баяндамаларға пікір білдіріп, талқылау үшін жарыссөзге «Әулие-Ата- Феникс» ЖШС-нің директоры Фарида Жүнісова, Қызыл жұлдыз ауылдық округінің әкімі Әсер Нұрбаев, Мырзатай ауылдық округінің әкімі Нұрахан Абдуәліевтер шығып, өз салалары мен елдімекендерде атқарылып жатқан ауқымды жұмыстар жайын сөз етті.

Төраға Нұржан Сейдазымұлы күн тәртібіндегі екінші - «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалының кезектен тыс XVI конференциясына делегаттар сайлау мәселесі бойынша партия Жарғысының 9.6-бабына сәйкес, аудандық партия ұйымының атынан делегаттар сайлануы керектігін, облыстық партия филиалы Саяси Кеңесі Бюросының қаулысымен бекітілген өкілдік нормасына сай, 290 партия мүшесінен 1 делегаттан сайлануы тиіс екендігін, делегаттардың тізімінің жобасы алдын-ала таратылып берілгендігін атап өтіп, тізім бойынша дауысқа салуды ұсынды.

Облыстық партия филиалының кезектен тыс XVI конференциясына аудандық партия ұйымының атынан ұсынылған 17 делегат тізімге сәйкес бірауыздан сайланды.

«Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының кезектен тыс XVII конференциясының қарауына ұсынылған мәселелер толығымен қаралып, тиісті қаулылар қабылданған соң партия Әнұраны орындалды.

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ АГРАРЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ –ҚАЗАҚСТАННЫҢ АГРАРЛЫҚ ҒЫЛЫМ МЕН БІЛІМІНІҢ КӨШБАСШЫСЫ



Тілектес ЕСПОЛОВ,
Қазақ ұлттық аграрлық университетінің ректоры, ҚР ҰҒА вице-президенті, академик.

Әр елдің өркениеттілігі, мәдениеті оның ғылымы мен біліміне тікелей байланысты.

Елімізде озық технологияларға негізделген агроөндірістік кешенді қалыптастырып, дамыту үшін индустриялды-инновациялық ғылым, білім, өндіріс интеграциясын күшейтудің маңызы зор. Аталған ауқымды іс-шараларды жүзеге асыру жаңаша ойлай алатын, білікті де кәсіби мамандарға жүктелетіні сөзсіз.

Қазақстан аграрлы ел болғандықтан ауыл шаруашылығына маманданған жоғары оқу орындарының бұл бағыттағы рөлі уақыт өткен сайын артып отырғандығын уақыттың өзі көрсетуде. Сондықтан да ауылды көркейтуде, ауыл шаруашылығын өркендетуде білікті мамандар мен тәжірибелі ғалымдарға деген сұраныстың заман талаптарына сай жоғарылап келе жатқандығы бүгінгі кезеңде анық байқалады. Осы орайда отандық ауыл шаруашылығы білім мен ғылымының көшбасшысы саналатын Қазақ ұлттық аграрлық университетінің қызметі Елбасының агроөндірістік кешенінің алдына қойған міндеттерін жүзеге асырып, отандық ғылымның өркендеуіне ықпал жасап, бизнес-органдық талаптарына жауап беретін жобаларды ұсынуға негізделгенін атап өтуіміз керек.

Президентіміз «Қазақстан-2050» Стратегиясы атты Қазақстан халқына Жолдауында «Жоғары оқу орындары білім беру қызметімен шектеліп қалмауы тиіс. Олар тек оқу бағдарламаларын жетілдірумен шектелмей, өздерінің ғылыми-зерттеушілік қызметін де белсенді дамытуы тиіс» деп нақты талап-міндеттер қойды. Білім сапасын жетілдіру мақсатында оқу үрдісін өндірістік тәжірибемен тығыз байланыстырған оқу орны инновациялық технологияларды енгізу арқылы ұлттық зерттеу университеті дәрежесіне жету бағытында сәтті қадамдар жасап келеді.

85 жылдық тарихы бар Қазақ ұлттық

аграрлық университеті еліміздің ауыл шаруашылығы білімі мен ғылымына, агроөндіріс саласына елеулі үлес қосып келеді. Соның айғағы, осы уақытта 140 мыңнан астам мамандар дайындап шығарғаны. Сонымен қатар университет түлектері арасында ел даңқын асырған 3 Кеңес Одағының батыры, 35 Социалистік еңбек ері, 80 КСРО Жоғарғы Кеңесі мен Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттары, 12 Мемлекеттік сыйлықтың иегері, бірқатар ғылым мен өндірістің ұтқыр ұйымдастырушылары, мемлекет және қоғам қайраткерлері, әкімдер мен министрлер, аграрлық саланың көрнекті ғалымдары мен өзге де білікті мамандары бар. Еліміздің ауыл шаруашылығының потенциалы да осы оқу орнын бітірген мамандардың біліктілігіне тікелей байланысты екендігі белгілі. Бұл саланың мүмкіндіктері мен жетістіктеріне қарап, ел экономикасын бағамдауға болады. Университетіміздің қалыптасуы мен даму тарихы ел экономикасының дамуымен тығыз байланысты.

Талай сындарлы кезеңдерден өткен ұжымымыз бүгінгі кезеңге толағай табыстармен жетті. Университет - ұлағатты ұстаздардың даналығы мен жастардың жалынды істерін, білім мен ғылымға деген ізденісін мен құштарлығын бойына сіңірген, киелі білім ошағы. Қасиетті қара шаңырақ тарихының әрбір кірпіші оның белгілі оқытушы-ғалымдарының, студенттері мен түлектерінің талмас қайраты, күнделікті ізденістері мен еңбектерінің арқасында қаланған.

Университетіміздің басты басымдылықтары - интеллектуалды жағынан жетік жастарды баулып, жоғары білімді де білікті мамандар даярлау және өз Отанымыздың патриоттарын тәрбиелеу. Біздің басты мақсатымыз студент жастарымызға озық білім беріп қана қоймай, олардың ұлттық тәлім-тәрбие алуына барынша жағдай жасап, өз елінің патриоты болып қалыптасуын қамтамасыз ету болып табылады.

Сан жылдық тәжірибелердің нәтижесінде республикамыздың аграрлық бағыттағы көшбасшы жоғары оқу орны ретінде университетіміз қазіргі кезде білікті мамандар мен білгір ғалымдар дайындауда ілгері қадамдар жасап, өзіндік үлкен мектеп қалыптастыра алды. Оқу орнында жастардың білім сапасын жетілдіру ісін 116 ғылым докторы, 19 PhD докторы, 17 академик пен Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, 209 ғылым кандидаты жан-жақты қамтамасыз етеді. Ғылыми дәрежелері мен атақтары бар оқытушылардың үлесі бүгінгі күні 65 пайызды құрайды.

Университет бакалавриаттың 40 мамандығы бойынша және 2 жоғары білім, 39 магистратура, 16 PhD докторантура бойынша білім беру бағдарламаларын жүзеге асыруда. Қазіргі таңда білім ордасында 27 ұлттың өкілінен құралған 6000 студент, 925 магистрант, 128 докторант білім алуда. Мамандар дайындау ісі 6 факультеттегі 28 кафедралық жүзеге асырылуда.

Елімізде индустрияландыру

бағдарламалары шеңберінде озық 10 жоғары оқу орны анықталып, олардың материалдық-техникалық базасын дамытуға 10 миллиард теңге бөлініп отыр. Солардың ішінде біздің университет те бар. Оқу ордасы бұл күндері аграрлық сала мамандықтары бойынша республикалық оқу-әдістеме орталығы, үздіксіз аграрлық білім беруді дамыту, фермерлердің біліктілігін арттыру орталығы, академиялық ұтқырлықты дамыту бойынша үйлестіруші болып табылады. Сондай-ақ университет әлемнің 300-ден астам аграрлық ЖОО-ын біріктіретін Жаһандық консорциум мүшесі. Бұған қоса құрамына «ҚазАгро» ұлттық корпорациясы, ҚР Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы, ұлттық, трансұлттық компаниялар кіретін Аграрлық ғылыми-өндірістік консорциумы да құрылған.

Университетімізде 6 ғылыми-зерттеу институты мен 17 заманауи зертхана жұмыс істейді. 2010 жылы құрылған «Агробілім» ассоциациясы мен Кіші академия қызметі: мектеп (лицей) – колледж – университет желісі бойынша аграрлық бағытта үздіксіз білім беру үрдісін жетілдіреді.

Университетте Қазақстан-Жапон инновациялық орталығында шетел ғалымдарымен бірлескен жобалар жүзеге асырылып отыр. Ғылыми-зерттеу жұмысының мүмкіндігін арттыру үшін биотехнология, нанотехнология, цитология, ветеринарлық медицина және санитария, микробиология және вирусология, агроинженерия, биологиялық, органикалық және биоорганикалық химия, гендік-молекулалық, стратегиялық-технологиялық басымдықтар мейлінше іске қосылууда.

Ауыл шаруашылығы саласында ықпалдасу мақсатында құрылған қазақ-корей инновациялық орталығында «Жасыл технологияларды» дамыту мәселелері зерттелуде. Қазіргі кезде ауыл шаруашылығы өнімдері және азық-түлік сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ететін Ұлттық орталық құрудың алғышарттары дайындалу үстінде.

Соңғы бір жыл ішінде Академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында университетіміздің 300-ден астам студенттері мен магистранттары шетелдің озық оқу орындарында білімдерін жетілдіріп, тәжірибе жинап қайтты. Әлемнің беделді университеттерінің білікті ғалымдары да біздің университетте дәріс оқуда.

Білім беру сапасын арттыруға мүмкіндік беретін және Болон үрдісін, Халықаралық ынтымақтастықты дамытуда келесі орталықтар: Болон үрдісін дамыту орталығы, академиялық ұтқырлықты модельдеу орталығы, үштұғырлы тіл бағдарламасын негізге алған көптілді білім беру орталығы, лингвистикалық білім беру орталығы, жаһандық класс ашылды. Сыртқы академиялық ұтқырлық жаһандық консорциум арқылы, сондай-ақ «Темпус», «Эразмус Мундус», «Болашақ», DAAD және FET бағдарламалары және жобалары арқылы іске асырылады. Университет Еуропа, Америка, Оңтүстік-Шығыс Азияның



жетекші елдерімен қос дипломдық білім беру бағдарламаларын іске асыру бойынша келісім-шарттар жасады. Университетте жыл сайын Қазақстан және шетелдік жоғары оқу орындарынан магистранттар Еуропаның серіктес ЖОО ғалымдары мен магистрант қатысушыларымен халықаралық жазғы мектеп-ұйымдастырылады. Халықаралық ынтымақтастық аясында әлемнің аграрлық жоғары оқу орындарының Жаһандық консорциумының және ТМД мемлекеттеріне қатысушы үздік Аграрлық жоғары оқу орындар кеңесінің мүшесі ретінде университет бүгінде 200-ден астам халықаралық ғылыми-зерттеу институтымен, алдыңғы қатарлы көптеген аграрлық университеттермен, агроөнеркәсіптік кешені нысандарымен ынтымақтастық жөніндегі келісім шарт жасап отыр. Қазақстанның аграрлық ғылымының халықаралық аренадағы мәртебесін көтеруге ат салысуда. Еуропа, Америка, Азия және Тынық мұхит аймақтарындағы континенттердің ғылыми-зерттеу институттары мен орталықтары Қазақ ұлттық аграрлық университетімен көптеген маңызды мәселелер төңірегінде бірлесіп жұмыс жасайтындығы зор мақтанш тудырады. Біздің оқу орны осы күні Венгрия, Польша, Голландия, Германия, Бельгия, АҚШ және Ресей университеттерімен әріптестік қарым-қатынасты нығайту үстінде.

Қазақ елін күшейте түсетін, оның әлемге танымдылығын арттыра түсетін бүгінгі студенттер - ертеңгі ауыл шаруашылығында, агроөндіріс кешенінде жетекші қызмет атқаратын мамандар. Заманға сай даму үшін жана технологияларды игерген, жаңаша ойлайтын білімді мамандар қажет екені белгілі. Бүгінгі кезеңде еліміздің өркендеуіне өз үлесімді қосамын, ауылды көркейтемін, білім жетілдіріп, ғылыммен айналысамын деген жас мамандарға үлкен мүмкіндіктер беріліп отыр. Қазақ ұлттық аграрлық университетінде оқуға ниет білдіргісі келетін талапкер жастарға біз үлкен сеніммен қарап, олардың инновацияларға бейім, креативті ойлай алатын, бәсекеге қабілетті тұлға әрі өз ісіннің мықты маманы болып шығуына көпшілік береміз.

Біздің мақсатымыз - студенттерімізге тиісті білім беріп қана қоймай, оларды Ел мен Жердің қасиетін бағалайтын азамат етіп тәрбиелеу. Өйткені озық білім мен ғылымды игерген, отаншылдық сезімі биік жастар - еліміздің ертеңгі тірегі.

ТІЛ МӘРТЕБЕСІ - ел мәртебесі

Е.Аққулиев,
Байзақ аудандық сотының судьясы.

Қазақ тілі - Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Мемлекеттік тіл – Тәуелсіз еліміздің мемлекеттік рәміздерінің бірі болып табылады. Мемлекеттік тіл – Қазақстан Республикасының әрбір азаматынан іс қағаздарды мемлекеттік тілде жазуын талап етеді. Әрбір ұлттық мемлекетте мемлекеттік тіл – ол елдің мақтаншы. Өйткені мемлекеттік тілде мемлекеттік дәрежеде маңызы бар құжаттар жазылады. Оған қоса мемлекеттік тіл – татулық пен бірліктің тірегі. Мемлекеттік тілді өркендетсек өзге ұлт адамдарымен осы тіл арқылы қарым – қатынаста боламыз.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Қазақстанның болашағы - қазақ тілінде» деген болатын. Бұл тұжырым мемлекеттік мәртебеге ие болған қазақ тілінің ертеңгі келешегін айқындаумен қатар оның әлі қоғамдық өміріміздің барлық саласында күнделікті қолданыс құралы бола алмай отырған бүгінгі жағдайын да көрсетеді.

Ата Заңымыз Қазақстан Республикасының Конституциясының 7-бабында «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі» деп тайға таңба басқандай айқын жазылған.

Тәуелсіздік жылдары қоғамның саяси-әлеуметтік саласында елеулі өзгерістер жүзеге асып, нарықтық қатынастар дамып, экономикамыз белгілі деңгейде қалыптасты. Демографиялық жағдай осыдан 10 – 15 жыл бұрынғы жағдаймен салыстыруға келмейді. Қазір қазақ ұлтының саны еліміздегі халықтың 63 пайызын құрап отыр. Мемлекеттік тіл баяу болса да, Қазақстанды туған елім, өз жерім дейтін барлық этнос өкілдері мен диаспоралар үшін қажеттілікке айналып келеді. Алайда, «Сүңгінің жарасы бітер, тіл жарасы бітпес» дегендей, бір өкініштісі - осыдан көптеген жылдар бұрын мемлекеттік мәртебеге ие болған қазақ тілі әлі іс жүзінде өзінің осы шынайы мәртебесіне, керекті және жоғары деңгейіне толық жете алмай келеді.

Тіл – қай ұлтта, қай елде болса да қастерлі, құдіретті.

Өрине, елімізде 130-дан астам ұлт өкілдері тұрады, әр ұлт өз тілін қадірлейді, сыйлайды және болашаққа, келешек ұрпаққа аманат ретінде жеткізіп отырады. Алайда, еліміз Қазақстан Республикасында тұрып жатқан барлық ұлт бір-бірімен барлығына жалпы тіл ретінде тек қазақ тілінде сөйлеулері қажет.

Ал қазақ тілінің мәртебесін көтеру - ол өзіміздің, яғни қазақ тілі жанашырларының, қазақ елінің, жерінің, отанын сүйгіш шынайы патриоттарының қолында десем артық болмас. Өйткені, біздің отанымыздың тілі - қазақ тілі.

«ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГ» МАМАНДЫҒЫНА ШАҚЫРАМЫЗ!

Жаңа формацияда әрбір тұлғаның жекелік ерекшелігін ескеру, қабілетіне және тұлғалық бағыттылық ықпалына қарай жағдай туғызу-білім беру саласындағы көкейкесті мәселенің бірі. Осы мәселе аясында «Педагогика және психология» мамандығы қазіргі заман талабына сай сұранысқа ие мамандықтардың бірі десек болады. Қазақстанда тоғыз мыңнан аса мектепте үш миллиондай оқушы бар десек, ол саладағы педагог-психолог мамандар аса қажет екені өз-өзінен белгілі. Келешекте Қазақстанның әр ұлттық мектебінде педагог-психолог маманы болуға тиісті. Әзірге тоғыз мыңдай педагог-психологты қажет ететін, елімізде оның үштен біріндей ғана болатын маман бар.

Педагог-психолог мамандығының басты міндеті – әлемнің гуманитарлық бағыттағы кәсіби келбетін қалыптастыру болып саналады. Мұндай маман іс-тәжірибесімен тек пән оқытушысы ғана емес, сондай-ақ ол зиялы ғалым, мәдениет бастауларына қайта оралушы философ, білім алушының ішкі сұхбатына белсенді араласып, өз даусын естуге көмектесетін өсиетті сөздің иесі.

ТИГУ аясындағы «Педагог –психолог» мамандарын дайындау барысында оларды іргелі және кәсіби біліміне қарай, күнделікті өзгеріске ұшырайтын еңбек нарығының жағдайына және мамандардың кәсіби деңгейінің талаптарына тез бейімделе алатындай етіп іріктеп алады.

5B010300-«Педагогика және психология» мамандығы бойынша

студенттерді дайындау Тараз инновациялық-гуманитарлық университетінде 2008 жылдан жүргізіледі. Дәріс қазақ және орыс тілдерінде өткізіледі. Оқу мерзімі күндізгі бөлімде-4 жыл, сыртқы бөлімде: орта мектептен кейін оқу мерзімі-5 жыл, орта кәсіптік білімнен кейін-3 жыл, жоғары оқу орнынан кейін-2 жыл.

5B010300-«Педагогика және психология» мамандығы бойынша оқу бітірген түлектерге білім бакалавры академиялық дәрежесі беріледі.

«Педагогика және психология» кафедрасында 3 педагогика ғылымының докторлары: Сарыбекова Ж.Т., Ким В.А., Салимбаев О.С., 5 педагогика ғылымының кандидаттары: Сарыбеков Қ.Д.Н., Нұрабаева Л.С., Молдақасов Р.Б., Мусаева С.А., Ходжагельдиева З.М. аға оқытушылар: Шокалакова С.Б., Сыдыкова Қ.Ө., Тагаева С.А., Умеева Ш.Ж., Даникеева А.Б., Аязбаева М.С. оқытушылар: Фатихова Н.А., Таджибаева Ж.С., Жумагулова А.Т қызмет атқарады.

Педагог-психолог мамандығының басты міндеті – әлемнің гуманитарлық бағыттағы кәсіби келбетін қалыптастыру болып саналады. Ол жалпы адамзаттық құндылықтардың тасымалдаушысы, өзінің өмірлік және кәсіби мағынасын тауып, жүзеге асыруға және оны өзгелердің жасауына көмектесетін педагог-психологтардың алғышарттарын болжайды. ТИГУ «Педагогика және психология» мамандарын дайындау

барысында білімгерлерді заман талабына сай өзгеріске ұшырайтын еңбек нарығының жағдайына тез бейімделе алатындай етіп даярлайды.

Адам бойындағы ешқандай аспаппен өлшеп болмайтын асыл қасиет – адамгершілік нәрін адам бойына сіңіру. Содан кейін ғана еліміздің болашағы – жастарға білім беру жолындағы тәрбие. Әр жастың санасын білім нәрімен сусындатып, оны ары қарай тереңдете жалғастырып, қазіргі заманның талабына сай етіп даярлау, т.б. Бұлардың бәрі – педагог-психологтың қызметі. Міне, осындай түзу жолдан шығып кетпес үшін арнайы педагог-психологтардың кеңесіне сүйенеміз, үйренеміз және өзгеге үйретеміз.

Мамандық тандауда Ж.Аймауытовтың жастарға айтқан ақылы: «Мамандықтың жаманы жоқ, бірақ мұның кез келгеніне икемділік қажет. Бұл – жай күнелту, тамақ асыраудың жолы емес, үлкен өнерді, зор шеберлікті қажет ететін нәрсе. Кімде-кім өзіне біткен ыңғайына қарай өз жолымен қызмет етсе, өз басына да, әлеуметке де үлкен пайда келтірмек». Сондықтан бітіруші жастарды заман талабына сай, болашағы жарқын, бүгінгі таңдағы сұранысқа ие «Педагогика және психология» мамандығына шақырамыз.

«Педагогика және психология» кафедрасының оқытушылары.

А

ҚҰТЫРУ АУРУЫ ТУРАЛЫ

Д.Мұратбеков,
ҚР АШМ ВБ ЖҚ Комитетінің БАА инспекциясының бас маманы, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы.

Құтыру – орталық ми жүйке жүйесін зақымдайтын аса қауіпті жұқпалы вирустық ауру. Бұл індетпен адам және барлық мал түлгі ауырады.

Құтыру сүзілетін вирус қоздырады. Ол орталық нерв жүйесінде оның клеткаларында өніп өседі де, оларды зақымдайды. Бұл вирус ыстыққа өте төзімсіз келеді, 60-70 градуста ол 30 минут ішінде өледі, ал 100 градуста 2 минуттан кейін уыттылығын жоғалтады. Оның уыттылығы 0,5 % фенолда, 4 градус жылылықта 2 ай ішінде, ал 1% формалинде -24 сағатта жойылады. Ал қоздырғышы керісінше суыққа өте төзімді келеді.

Ауруға көбінесе қасқыр, түлкі, қарсақ, ит шалдығады. Бұларға құтыру қоздырғышы тышқан және саршұнақ сияқты кемірушілер арқылы таралады. Індет қоздырғышы сау адамға және малға құтырған иттен, қасқырдан, түлкі мен қарсақтан, мысықтан сілекей арқылы жұғады. Адам мен малда ауру ит, қасқыр, қарсақ, түлкі қанса өте қауіпті статистикалық мәліметтер бойынша құтырудың 60%-н ит қапқанда, 10% басқа жануарлардан жұғады.

Аурудың жасырын кезеңі 3 апта, кейде 3 айға созылады. Құтыру індеті ірі қарада елірме және сал түрінде өршиді. Бастапқы кезде ауырған мал еліріп, тұрған қоршауын сүзгілейді, салған шөпті жан-жағына шашады, өзіне жакындаған адамға, ит пен мысыққа тап береді, оларды сүзеді, орнынан атып тұрып мойнын созып, қатты мөңірейді. Сөйтсе де өз өзінен құлайды да аяқтарын сермеп, іле қалпына келеді. Аурудың осы кезеңдегі бір белгісі аузынан сілекей шұбырып терлейді, жиі-жиі зор шығарады. Аурудың соңғы сатысында қатты күйзеліп, ақырында әлсіреп жатып қалады, айналасында болып жатқанды сезбейді. Көзі шарасынан шығып, қатты ашылған аузынан тілі салақтап, сілекейі

шұбырады. Ауру мал ақырында салға ұшырайды, алдымен артқы аяқтары кейіннен алдыңғы аяқтары жанысyzданады. Аурудың алғашқы белгілері байқалғаннан кейін 5-7 күн өткенде мал өледі. Бұл індет итте де елірме және сал түрінде өтеді. Бірінші түрі 1-3 күнге дейін созылады. Осы кезде ит қаранғы жерге тығылып, үн-түнсіз жатып алады, кейбір кезде өзінен - өзі еліреді, үреді 3-4 күннен соң иттің құтыруы өршелене түседі. Сөйтіп, адам мен малды қабады. Кейін індеттің осы түрі жабығуға ауысады. Бірте-бірте жұтқыншақ бұлшық еттері қатты салданады ит үрдең қалады, аузынан сілекейлі көбік шұбырады, көзі сығырайып құлағы тартылады. Осы кезде (4-5 күн) оның артқы және алдыңғы аяқтары салданады, жүре алмай ақырында жатып-жатып өліп қалады.

Құтыру індеті белгілі болысымен шаруашылыққа шектеу қойылып, малдәрігері мамандары арнаулы нұсқауда көрсетілген шараларды іске асырады. Сондай-ақ малдәрігерлері денсаулық сақтау қызметкерлерімен байланысып, тұрғындардың денсаулығын қорғауға тиісті шаралар жасалынады. Шаруашылық басшылары мен мамандар індеттен арылу жөнінде нақты жоспар жасап, оны жергілікті атқарушы орган келтеді.

Адамды сүзген, тістеген малды, бөлек қораға қамап, он күн ішінде малдәрігерлігі бақылауынан өтеді. Ауру шыққан жерде малдар тек малдәрігерлерінің рұқсатымен ғана сойылады. Құтыру індетіне қарсы егілген малды екі аптаға дейін союға болмайды. Ауру мал тұрған жердің бәрі залалсыздандырылады, оған күйдіргіш натрийдің 2-4 % ерітіндісі қолданылады.

Егер адамды құтырған жануар тістесе, онда тез арада антирабиалық вакцинамен егу қажет.

Сонымен, ондай адам вакциналаудың толық курсыннан өткізіледі. Оған осы мезгіл ішінде арақ – шарап ішуге болмайды, сондай-ақ екі айға дейін басқа ем шаралар жасалмайды. Тек осы ережелерді бұлжытпай орындаған жағдайда ғана ауруға қарсы қолданылған шаралар нәтижелі болады.

ЖАУЫНГЕР ТАҒДЫРЫ

Т. Ерімпашев,
ҰҚК-нің полковнигі, құрметті
ардагер.



қамшымен осып-осып жібердім. Әбден болдыртқанша айнала шауып, шаршатып, жуасыған атты әкеліп иесіне тапсырдым. Ол қуанып кетті. Менің іс-әрекетімді байқап тұрған неміс риза болып: «Гут русь» деді. Ертеңіне мені төбесі жабық ат арбаға отырғызып, нан зауытқа алып келіп, нан таситын болдым. Күнде екі мезгіл нан әкелгеннен кейін, атқа қарап оның жем-шөбін, суын беріп, астын тазалаймын. Сергей досымды да ұмытпай кезі келгенде, бір бөлке нан беріп қоямын. Бір күні Сергей маған ойлана қарап: «Ақыл, тұтқыннан қашайық?» - деді.

Арада он шақты күн өткенде Сергей хат беріп жіберіпті. Онда «Нан заводында слесарь болып істейтін Иоган деген жігітке ешкімге білдіртпей жасырын түрде бересің. Иоганның көмегімен немістердің сеніміне кірген соң, сені жолда тексермейтін болады. Сол мүмкіндікті пайдаланып Иоганның берген қару-жарақтарды жасырын жеткізіп тұрасың. Қалғанын кейін айтамын, бірақ ешкімге сездіріп қойма, сақ бол, бұрынғыдай күнделікті жұмысыңды жалғастыра бер» деп жазылыпты.

Қашуға уәделескен күні мен ат қораға ерте келіп, аттардың жемін, шөбін беріп жатқанымда Сергей төрт жолдастарыммен келіп, қашуға дайын екенін білдірді. Күні бұрын дайындап қойған азық-түліктерімізді, қаруымызды алып, ат қораның менен басқа ешкім білмейтін тесігі арқылы тірі жанға білдіртпей түн жамылып қалың тұманды орманға сүңгіп кеттік. Польшаның ормандарымен түнде жүріп, күндіз қалың бұталардың астын паналаймыз. Адаспау үшін кейде жолда кездескен шағын ауылдардың тұрғындарынан түнде су, тамақ сұрап, қай бағытқа келе жатқанымызды біліп отырдық. Жиырма екі күн дегенде өзіміздің адамдарды кездестік.

Соттың үкімін бізге жарияламас бұрын арнайы комиссияда тұтқында болғандарды жеке-жеке тыңдап, өз пікірлерін айтып содан кейін соттың үкімін жария етпек. Төрте отырған И. Захаровқа көзім түсіп, оны бірден таныдым. Көз алдыма фин соғысы елестеп, соғыста зеңбіректерді көбіне жауынгерлердің күшімен сүйрейтінбіз. Кейде бұл жұмысқа аттарды пайдаланатынбыз. Аттарды зеңбірекке жегуді жауынгерлердің көбісі білмегендіктен бұл жұмысты маған тапсыратын. Соғыс бітуге жақын қалғанда бір оқыс оқиға болған-ды. Зеңбіректі сүйрейтін менің атыма жау оғы тиіп, оны көрген

политрук И. Захаров: «Аттың жанын кинамай атып таста» деп маған бұйрық берген. Ол кеткен соң семіз атты қимай оны жолдастарыммен бірге бауыздап, жауынгерлерге ет асып бергенбіз.

Араға екі-үш күн салып, 30-ші полктің жұмысын тексеруге жоғарғы жақтан құрамында 5-6 кісі бар комиссия келіп, полк басшыларының біраз кемшіліктерінің бетін ашып, командирлердің ойларынан шықпаған соң, түскі тамаққа да қарамай кететінін байқап қалғанмын. Тез арада политрук Захаровты оңаша шақырып, комиссия мүшелерін қазақтың ұлттық тамағымен сыйласақ деген пікірімді жеткізгенімде ол қарсы болмай, керісінше комиссия мүшелеріне «жауынгерлер сұрап жатқыр» деп көндірсе керек.

Комиссия мүшелерін күттік. Оның бір мүшесі қазақстандық, яғни біздің жерлесіміз болып шықты. Ол әріптестеріне қазақтың ұлттық тамағы туралы әсірелеп айтып берді. Ол жауынгерлерге алғыстарын жаудырып жатты.

Осы оқиғадан соң политрук И. Захаров мені өзіне іш тартып, Брест қамалында жүргенде де қарамағындағы техниканы жақсы меңгеріп, әскери тәртіпті бұлжытпай орындағаным үшін, полк жауынгерлерінің алдында да бірнеше рет алғыс жариялап, Зарлиевтен үлгі алындар деп мақтайтын.

